



№ 225 бұйрық

«02» қыркүйек 2025 ж

**2025-2026 оқу жылына тегін ыстық
тамақтануды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығын және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 230 қаулысы негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылына оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жауапты болып мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Нургалиева тағайындалсын.
2. 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап 1-4 сынып және 5-11 сыныптардың әлеуметтік осал топтарынан шыққан оқушыларды сапалы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жауапты болып мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Нургалиева мен әлеуметтік педагогы Б.Шырақбаева тағайындалсын.
3. Оқу жылының басында ата-аналар комитеті мен мектеп әкімшілігі арасынан тамақ сапасын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылсын, олар дайын және шикі өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асырсын, асханада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақыласын.
4. Мектептің әлеуметтік педагогы Б.Шырақбаева оқушыларды асханаға кезек-кезегімен апару бойынша сынып жетекшілерінен және мектеп әкімшілігінен құралған кезекшілік тізімін бекітсін.
5. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Нургалиева «Мектептегі тамақтану» сайтына бракеражды комиссия мүшелерінің

атқарған жұмыстарын, ас мәзірінің және т.б тамақтану бойынша атқарылған жұмыстардың уақытылы салынғанын қадағаласын.

6. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Г.С.Шунтукова оқушылардың қолын жууға жағдай жасау және мектепте ауыз су ішу режимін сақтауға жауапты болып тағайындалсын.
7. Тамақ пен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізуге, тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналын жүргізуге, ас блогында және мектеп асханасында санитарлық ережелерді сақтауға жауапты болып мектептің медбикесі О.В. Котельникова тағайындалсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Р.Ж.Шаметова

Бұйрықпен таныстырылды:

Нургалиева А.Т

Котельникова О.В

Шыракбаева Б.К.

Шунтукова Г.С.

Шунтукова
Котельникова
Шыракбаева
Нургалиева